


6-12 ғасырдағы Діни-наным сенімдер



Көпшілік фотография
Кереметкеремет

Тәңірлік

- Түріктердің ең үлкен құдайы Тәңірі – Көк, аспан құдайы болды. Күн мен ай, жұлдыздар да сол Көк тәңірінің ең жақын көмекшілері, жер құдайы, табиғат, жаратылыс иесі – Алтай болады деп, оған да құрмет көрсетілді



Ислам діні



- Алғашқы араб-дін таратушылары 670 жылдардан бастап келе бастады. VIII ғ. басында Орталық Азияда миссионерлік қозғалыстың жандануы байқалады.
- Исламның түбегейлі орнығуына VIIIғ. ортасында, 751 ж. Тараз қаласының маңындағы араб әскербасы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Гао Сяньчжи арасында бірнеше күнге созылған Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуі айтарлықтай ықпалын тигізді. Қытай әскері күйрей жеңіліп, Жетісу мен Шығыс Түркістан азат етіледі. Араб әскерінің бұл жеңісі Орта Азия жерінде ислам діні мен мәдениетінің орнығуының бастуы еді.


Ұлы жібек жолы арқылы тараған діндер



Себептері

- Ұлы Жібек жолы мәдениеті дәстүрін жалғастырып, Қазақстан терри-ториясында ғасырлар бойы әр түрлі этностар, діндер, мәдениеттер бейбіт, келісімді өмір сүріп келгені, Қазақстанның діндер тоғысатын қасиетті нүктеге айналғаны тіпті де кездейсоқтық емес. Геосаяси жағынан алғанда, еуразиялық кеңістік, Шығыс пен Батыстың арасы түркілік, мұсылмандық және славяндық, еуропалық мәдениеттердің тоғысқан жері

Ұлы Жібек жолы бойында көпестерден басқа неше түрлі діни уағызшылар да жүріп жатқан. Олардың арасында зорастризм, буддизм, манихейлік және несториандық діндерді таратушылар ерекше орын алады. .



Зороастр



- Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның кейбір тайпалары Ұлы Жібек жолы бойында түркілердің тәңірлік дінінен өзге, зороастризм дінін де ұстанған. Оны зороастр, кейде маздеизм деп те атады. К. Байпақовтың пікірінше, орта ғасыр дәуірінде көптеген діндерді тарату міндетін негізінен соғдылық діни уағызшылар атқарды. Ол ертеде Иран жерінде шықты, негізінен Зәрдешт деген кісі салған деп аңыз етіседі. Зороастр дінінің негізі «Зенда», «Уста» деген екі кітаптан тұрған, отты құдай деп таныған, итті қадірлеуді уағыздаған. «Шахнамада» келістіре жырлануынша, Иранның Көштасып деген шахы парсыларға бұл дінді қабылдаттырады

Манихей




- Ұлы Жібек жолы бойында манихей дінін таратуда, К. Байпақов пен А. Нұржанов атап өткендей, Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде, ең алдымен, отырықшы жұртшылық арасында өзінің жолын қушыларды тапты. Тұрфан алқабынан табылған «Қасиетті екі негіз кітабы» атты манихей шығармасының ежелгі ұйғырша қолжазбасында бұл кітаптың «он оқ елінің (діни) сенімін ояту үшін», «Аргу-Талас» (Алтын-Аргу Талас ұлысында) қаласында жазылғаны жөнінде айтылады. Бұл жерде әйгілі Тараз қаласы сөз болып отыр. Сондай-ақ, манихей тұрғындары Жетісудың басқа да бірқатар қалаларында – Баласағұнда, Шігілбалықта тұрғаны мәлім
- Манихей діні — зороастризм, шаманизм, буддизм, христиандық діндердің қосындысынан шыққан қойыртпақ дін. Оны месопотамиялық жазушы, суретші Мани деген ойлап тапқан. Оның қасиетті қағидалары "Бал ашу кітабында" жазылған. Қазақ жерінде манихейліктің орталығы Тараз қаласында болды.

Несториандық

- Діндердің арасында христиандықтың бір ағымы – несториандық Ұлы Жібек жолымен тағдырлас болды. Онымен бірге кең тарады және кейін әрекетін тоқтатты.

Несториандықтың кең таралуының бірнеше себептері бар: 1) керейіттер, ұйғырлар, қарлықтар сияқты ұлыстардың қабылдауы; 2) Византияға қарсы саясат ретінде Иранның қолдауы; 3) Таң империясында 200 жыл бойы еркін насихатталуға мүмкін алуы.

Будда



- Ұлы Жібек жолы бойына будда діні Қытай мен Үндіден Орталық Азия арқылы енген.
- Ерте орта ғасырларда Тоба (Арыслан) хан сияқты әміршілер Жетісуға будда дінін тарату мақсатында пәрменді шаралар қолданған. Ол 572 жылы будданы ресми қабылдап, ғибадатханалар салдырған және діни кітаптар алдырған. Будда ұйғыр, түркеш, арғұн тайпалары арасында тарайды. Будданың дүниеде азап шегу мен одан құтылу жолдарын көрсету идеясы қарапайым бұқара ойынан орын тепкен. Сондықтан түркі хандарының бұл дінді қолдап-қуаттауына қарамастан, халық будда уағыздарын әділеттік пен еркіндікке жетудің бірден бір жолы деп түсінді